


Әбдімұтәл ӘЛІБЕКОВ



ДИДАРҒАЙЫН
ДҮРКИЕ

Әбдімұтәл ӘЛІБЕКОВ

СИДАРҒАЙЫН СҮҢГИЕ

Очерктер мен публицистикалық мақалалар



“Елорда”
Астана - 2004

ББК 84 Қаз 7

Ә-40

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әлібеков Ә. Дидарғайып дүние.

Ә 40 *Очерктер мен публицистикалық мақалалар.*

Астана: Елорда, 2004. – 272 бет.

ISBN 9965-06-362-1

Кешегі кеңестік кезенде жауынгерлеріміздің жат жерге жасырын жеткізілгені несі? Тәуелсіздік жолы тәуекелге толы, азаттық сапары азапты дегенде біз нені айтамыз? Елбасымыздың жұмыс тәсілінен қандай тағылым алуға болар еді? Студент Әнуар Әлімжанов ұлы Әуезовті төніп тұрған тажалдан қалай құтқарып жіберген? Мұстафа Шоқай “Түркістан легионын” үйимдастырған ба? Халықтық емшілерден қайран бар ма?

Әбдімүтәл Әлібековтің бүл жинағын оқып шыққанда осы тақылеттес талай-талай сауалға толымды жауап таба аласыз. Автор өзін толғандырған жайларды өзек ете отырып, сізді де ортақтаса ойласуға шақырады. Ойландырады. Кітап сонысымен де құнды.

Ә $\frac{4702250204 - 291}{00 (05) - 04}$

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-06-362-1

© Әлібеков Ә., 2004
© “Елорда”, 2004

I

*ЖАДЫМДАҒЫ
ЖАҢҒЫРЫҚ*

ПИРАМИДАЛАР ЕЛІНДЕ

(Жауынгер күнделігі)

Kүпия атаулының көбі әдette уақытша ғана құпия. Ерте ме, кеш пе, олар жөнінде көпшілік хабардар болмай қоймайды.

Дүниені екі лагерьге бөліп, текетірес жағдайында өмір кешкен кешегі Совет Одағының өз халқынан жасырын атқаруға тырысқан құпиялары аз болған жоқ. Әрине, мұның өзі үстанған идеядан туындайтын. Коммунистік идеяны үстанған ел әлемдегі өзінің жақтастары мен тілеулестерін көбейтуді мақсат тұтты. Ал Жер бетінде оны капиталистік даму бағдарындағы немесе соның ықпалындағы елдердің көбісін сөгіп қана көбейтуге болатын еді. СССР сол себепті, өзге елдерде революциялық ахуалдың пісіп жетілуін жіті қадағалап отырды. Пісіп жетілмесе, оған тамызың тастап, процесті тездетуден де тартынбады. Кең дүниенің қайсыбір тұсынан өрт шыға қалса, кейде сол жерден көп ұзамай Мәскеудің “қамқор алақанының” табы байқалып қалып жататын. Кезінде осындағы пифылмен Ауғанстанға тасталған шок бүгінге дейін маздай жанып, әлемді аланнатумен келе жатқандығынан қалың жүртшылық жақсы хабардар.

Совет Одағы өткен ғасырдың 60–70-ші жылдарында Біріккен Араб Республикасына өзінің көмек қолын да негізінен осы социалистік лагерьдің шенберін көбейту мақсатында созғаны мәлім. Экономикалық көмегі туралы кезінде одақтық баспасөздің бетінде аз жазылған жоқ. Ал әскери көмек жөнінде мұны айта алмасақ керек.

Төменде ұсынылып отырған сол сапарлардың біріне қатардағы жауынгер болып қатысқан біздің жолжазба-күнделігіміз әскери арнаулы іссапардан оқырманды аз да болса хабардар ете ме дейміз.

Әрине, социалистік бағдардан дер кезінде бас тарта білген Египет Араб Республикасының бүгінгі саяси-экономикалық даму жағдайы мүлде басқа деңгейде. Десек те, осыдан отыз жыл бұрынғы жас жауынгердің атусті

байқаулары бүгінгі кейбір оқырмандардың қызығушылығын тудыруы мүмкін деген ойдамыз.

* * *

Көне Мысыр елін турист болып аралағанға не жетсін, шіркін! Тарихы бай, дүниенің жеті ғажайыбының бірі – кек тіреген көне пирамидалар орын тепкен, одан басқа да таңдай қаққызырлық мұрағаттары мол араб елін асықпай аралауды кім армандағы дейсіз. Бірақ 1971 жылдың көктемі мен күздінде Біріккен Араб Республикасына (Сирія құрамынан бөлініп кеткеніне қарамастан, Египет Араб Республикасы ол кезде осылай аталатын) жүзденген замандастарыммен бірге менің де жауынгер ретінде жолым түсіп еді. Әскери басшылардың түсіндіруінше, біз атальмыш елге Египет халқын Израиль басқыншылығынан қорғау мақсатында, интернационалдық көмек көрсету үшін бардық. Ол кезде Египетте жүріп жатқан аса қурделі саяси-экономикалық процестерге, ондағы Совет Одағының атқарған рөліне талдау жасау араб тілінен хабарсыз, небәрі орта білімді ауыл баласы үшін мүмкін емес іс еді.

Қай елде де үлкен саясат қатардағы жауынгерлермен ақылдасып жасалмайтыны білгілі. Біз берген антымыз бен әскери жарғының талаптарына сәйкес, тапсырманы орындаушылар ғана болдық.

1971 жылдың акпанында мен Қыыр Шығыстағы әскери бөлімдердің бірінде – Владивосток қаласынан бірнеше шакырым ғана жердегі Орыс аралында екі жылдық әскери борышымды атқарып жүргенмін. Ауыр әскери қызметтің алғашқы ширегі енді ғана артта қалған. Біздің дивизион төменгі қашықтықтағы нысаналарды жоюға арналған СНР-125 деп аталатын зениттік-ракеталық кешеннің күшімен еліміздің Қыыр Шығысының әуе кеңістігін құзететін.

Қысқы кештердің бірінде бригада штабынан түскен телефонограмма дивизионның дағы лейтенант Лукин мен қатардағы жауынгер Борис Ефимов үшеуіміздің күнделікті бірсыздырғы өмірімізге күтпеген өзгеріс ала келді. Ертеңіне Ефимов екеуміз Владивостоктағы корпус штабына барып жеттік. Онда адамдар едәуір көп жиналыпты. Бәрі абыр-сабыр. Күні бойы дәрігерлік тексеруден өттік. Сонында қолымдағы қағазға үңіліп қарасам, онда: “Климаты ыстық аймакта әскери қызмет атқаруға жарамды” деп жазылыпты.

Вьетнам Демократиялық Республикасы мен АҚШ арасындағы соғыс жалғасып жатқандықтан, есімізге бірден осы оралды. Неге екені белгісіз, іштей де болса қобалжу сезімін анғармадым. Дивизиондағы әскери қызметтің алғашқы ауыр айлары өз өмірімізге селқос етіп жіберді ме, әйтпесе жастық романтика басым түсіп жатты ма, ол арасын айыру қын еді.

Дегенмен, белгісіз бір елдегі жойқын соғысқа аттану келешегі кімді қуандыра қойсын. Маған өзім қатарлы жігіттердің бәрі іштерінен тынып жүргендей көрінді. Бәлкім, шарасыздықтың да нышаны бар шығар. Алайда, көптің аты көп. Ауланы бір гуіл билеген. Әр-әр жерден әзіл-оспақ та, қарқ-қарқ құлқі де естіледі. Әзірge барап жеріміз туралы бір ғана пікір бар, ол – Вьетнам.

Дәрігерлік тексеріс аяқталған соң, жауынгерлерді үлкен клуб ішіне жинағы. Құпия жағдайда еткізілген бүл жиында, сірө, корпус командирі ғой деймін, әлдебір генерал сөз сейледі.

– Сіздер Отан алдындағы интернационалдық борыштарыңызды өтеуге аттанаңыздар, – деді ол. Алайда, бәріміз сілтідей тына күткен негізгі мәселе – нақты қайда барындығымызды бәрібір атай қойған жоқ. – Алда жауапты сынақтар күтіп тұр. Соны абыраймен атқарып, социалистік Отанымыздың абырайын арттыра беру – сіздердің асқақ міндеттеріңіз. Іріктеу еріктілік жағдайында жүргізіледі. Барыларыңыз келмейтіндеріңіз қалуларыңызға болады. Ондайлар болса, қолдарыңызды көтерініздер?

Қарсылық білдіруші шықлады.

– Әлдебір себептермен көвшіліктің алдында қолдағынды көтеруге батылдарың бармағандарың осы жиын аяқталған соң келіп, жеке жолығуларына да болады, – деді, обалы нешік, генерал содан соң.

Артынан естуімізше, отбасының жағдайын айтып, қалып қойған бірен-саран жауынгерлер болған көрінеді. Өзгелеріміз көп үзамай қақаған қыста қалың орманның ішінде тынбай жүргізілген ауыр жаттығулардан кейінгі сынақтардан ойдағыдай өтіп, АН-12 транспорт самолетімен үшіп шықтык.

Барап бағыттымыз біз үшін әлі жүмбақ еді. Самолет Йошкар-Олаға келіп қонғанын білген кезімізде, Вьетнамға барап болсақ, неге Орталық Ресейге бетtedік деген ой қылаң берген. Одан кейін Қара теңіздің жағалауындағы

Николаев қаласына келіп қонған кезде ғана біздің Біріккен Араб Республикасына баратынымыз мәлім болды. Енді қобалжу сезімі сейіліп, оның орнын алда күтіп тұрған беймәлім елге деген қызығушылық басты.

Улкен аула ішіне кіргізіліп, жуынып, тазаланған біздерге бір-бірден шабадан берілді. Одан кейін үлкен қойманың ішін арап жүріп, сыйтай болып киініп алдық. Бәріміздің үстімізде ине-жілтен жаңа шыққан, қымбат маталярдан, сол кездің соңғы сән үлгілерімен тігілген шетелдік күздік пальто мен костюм-шалбар, ақ көйлек пен галстук. Офицерлерге бас киім ретінде шляпа, ал жауынгерлерге көк берет үlestірлді. Командирлеріміздің жүздерінен ғана танимыз.

Әскери киімдерімізді буып-түйіп, нөмірлеп, қоймаға өткіздік. Сол күні инкубатордың балапандарындағы негізінен біркелкі киінген “туристер” “Грузия” теплоходының бортына көтерілдік.

“Турист” болсақ та, жауынгердің аты – жауынгер. Белгілі уақытта тұрасың, белгілі уақытта жатасың. Жиі-жі түгендеуден өтесің. Саяси сабак өткізіліп тұрады. Бара жатқан еліміз туралы қысқаша түсінік берілді. Там-тұмдап айтылған әңгімелерден үққанымыз – Израильдің басқыншылық соғысынан Біріккен Араб Республикасын аман сақтап қалуда Совет Одағы шешуші рол атқарған. Біздің зениттік-ракеталық қондырыларымыз осы ұрыстарда тиімділігін танытқан. Израиль самолеттері енді арабтардың әуе кеңістігінде бұрынғыдай тайрандап ұшуды қойған көрінеді. Қойдырған – совет қаруының күші. Біз араб достарымызды осыған үйрететін көрінеміз. Ал, оның беті аулақ, Израиль жағы жойқын шабуыл бастап жіберсе, тек үйретуші ғана болып тұрмайтын сыңайлымыз. Сондықтан ба, жиі қолданылатын қарапайым сөздерді үйреніп алу қажеттігі ескертілді. Осы елдің тарихынан қысқаша хабардар ету мақсатында “По Египту” деп аталатын ротапринтпен сапасыз басылған қызыл мұқабалы кітапша таратылды.

Әрине, кемедегі бұл күндерімізді дивизиондағы немесе әскери жаттығулар өткізілген ормандары өмірімізben мүлде салыстыруға болмайтын еді. Дозактан жұмакқа өткендей күй кештік. Сегіз ай бойы мезі еткен нарядтан бірнеше күнге болса да мойнымыз босады. Бос уақыт сәттерінде палубаға шығып қызырасың. Әр-әр жерде топ-топ болып әңгіме-дүкен күрган жауынгерлер. Гитараға қосылып, аккордеонмен сүйемелдеп айтылған неше алуан өндерді естисің.

Тамақты теплоход ресторанынан ішіп жүрдік. Ұқыпен өзірленсе, қарапайым жармалардан да дәмді ас өзірлеуге болатын көрінеді. Экипаж мүшелері – даяши қыздардың акқудай қалқып жүріп қызмет көрсетуі де жігіттердің көңіл-күйіне жақсы өсер еткені байқалды. Та-залық пен өсемдіктің адамды тәрбиелеудегі орны өзгеше гой, дивизиондағы ерлер арасында айтыла беретін бейпіл, былапыт сөздер тыбыла бастаны.

Босфор бұғазынан ымыртта жүзіп өттік. Сезік тудыр-мау үшін болса керек, біздерді қаюталарымызға кіргізіп жіберді. Қара теңізben және Жерорта теңізімен жүзген үш тәулік қызықты өрі жақсы демалыс күндері ретінде есімізде қалды.

Қолым қалт еткен сәттерде кейбір көрген-білгенімді күнделік дәптерге түрте жүрдім. Әрине, оны кезінде жариялаудың мүмкіндігі болмады... Осыдан отыз жыл бұрын жазылған сол күнделікті ықшамдап, оқырмандарға ұсынғанды жөн көрдім.

1971 жылғы 28 наурыз

Аққудай әппақ “Грузия” теплоходы үшінші тәулікте Александрия қаласының теңіз айлағына кіруге аздал үлгермеді білем, кешегі бесін кезінде ашық теңізге тоқтаған. Алдымызда айлаққа кіру кезегін күтіп көп кемелер түр екен. Туларын тануға шорқақтықтан көбінің кай елдікі екенін ажыратады алмадым. Бір тұста орақ пен балғасы бар қызыл туларын желбіретіп, оншақты Совет Одағының кемелері де сап түзеген. Сондай дәстүр бар ма, әйтеуір, “Грузияны” көрген соң бәрі жамырай гудок беріп, сәлемдесіп жатқан сияқты.

Бүгін кемемізге катер жақындасты да, одан қоңырқай өнді толық араб азаматы баспалдақпен жоғары көтерілді. Жол бастаушы осы болса керек, ә демей-ақ жағалауға карай жылжи жөнелдік. Айлаққа кіре беріске үлкен арна қалдырылып, қос қаптал бетондармен көмкеріліпті. Әр-әр жерге бетоннан тұғырлар орнатылған. Олардың үстінде мойындарын көкке созып, зенбірек ұнғылары қарауытады. Айналасында бастарына темір телпектерін киген араб жауынгерлері жүр. Бұл елдің соғыс жағдайында екенің, өзіміздің де бұл жерге осы орайда келе жатқанымызды еске салып өтті. Әуеде – ту сонау биіктегі жоюышы самолеттер

жаттығулар жасап жүр. Зымырай төмендеп келеді де, құйғытып, қайта көкке самрайды. Тамашалау қызық-ақ...

— Біздің “МИГ-тер” ғой, үйретушілер де біздің үшқыштар шығар, — деді жанымдағы мосқал офицер.

Сағат кешкі онның шамасында теплоходымыз жүк түсіретін айлаққа жақынады. Әрине, бізді теніз вокзалына жақыннатпады. Күншығыс жақ беттегі, көз үшіндағы са-маладай жарқыраған ғимаратты теніз вокзалы шығар деп шамаладым.

Айлақта жұмыс қайнап жатыр. Жұктер тиеліп, түсірілуде. Ірілі-ұсақты крандар қозғалады. Әне бір тұста “Златоуст” кемесінен көмір түсірілуде.

Жұк артып, түсіріп, қыбырлаған адамдардың қарасы қалың. Бәрі де ақшыл тұсті матадан ұзын етіп тігілген көйлек киген. Көбісі жалаң аяқ. Әйтседе, арық, жүдеу жандар ылдым-жылдым қимылдайды. Жұк көтеретін шағын техника қат па қайдам, едәуір үлкен жұк тендері қол күшімен түсірілуде.

Қайсыбір жігіттеріміз палубада шешініп тастап, допты “арқандап” қойып волейбол ойнауда. Адам деген қызық кой, үлгермей қалатындай-ақ Африка күнінің астында қыздырынуға кірсіп кеткендер де бар.

Бізден кейін “Красное знамя” жұк кемесі келіп тоқтапты. Одан өскери керек-жарагымыз түсіріліп жатты.

29 наурыз

Бүгін “Грузияның” әсем ресторанында соңғы рет та-мақтандық. Содан кейін кемеден түсіп, жағалаудағы қойма пішіндес үлкен ғимаратқа жайғастық. Алғашқы тобымыз бірден поезben оңтүстікті бетке алғып жүріп кетті. Біз ертеңгі поезды күтіп қалдық.

Түстен кейін “Грузия” елге қайтатын болды. Экипаж мүшелерімен бір-бірімізге қол бұлғасып, қарап тұрдық. Осы сәт өзіміздің турист емес, жауынгер екендігіміз, алда, бәлкім, ұрысқа кіруіміздің де мүмкін екендігі есімізге түскендей. Бәрімізді мынау “Грузияны” да, алыштағы елімізді де, туған ауылымызды енді қайтып көрместей, бұған дейін беймөлім бір сезім билеп алған. Жүргімізді өлдебір өксік қысқандай болады. Кейбіреулердің теплоходпен қоштасу үшін едәуір биік үй шатырының

ұшар басына шығып кетуінің өзі де бұл алай-дүлей сезімнің бәрінің де басында бар екенін аңғартқандай.

“Грузия” ұзак-ұзак гудок беріп, жүрісін шапшаңда-тып, көз ұшынан алыстай берді. Біз жат жерде жалғыз қалып бара жаттық.

Өз киімдерімізді шабаданға салып, арабтардың өскери киімдерін киіп алдық. Ақшыл түсті, қолайлы әрі ұнамды екен. Елімізде тарпылдатып сүйрететін советтік керзі етіктің орнына қонышы тізеге жететін, жіппен шандып байланатын керзі бәтіңке кидік. Оның да ықшам әрі қолайлы екені бірден аңғарылды. Әрқайсымызға алюминийден жасалған жиналмалы тостаған, қасық пен шанышқы үлестірілді. Арабтардың ас саймандары да біздікінен тәуір екен-ау деген ойға келдік.

Күн бата “Грузияның” орнын “Кремль” жүк кемесі басты. Одан да күні ертең өзіміз пайдалануға кірісетін қару-жарақ түсіріліп жатты.

30 наурыз

Таңертеңгі асты өзіміздің аспаз жігіттеріміз өзірледі. “Грузиядағыдай” дәмді ас қайдан болсын, бірақ кеше кешкісін желінген консерві мен құрғақ тамақтан кейін жас жігіттердің асқа тәбеті жаман емес. Кеше кешкісін босатқан соң жағаға лақтырылған консерві қалбырларын жүк таси-тын жұмысшылар жерден алып, ішін жалап жатқандарын көрдік. Бұл бізді таңырқатып тастанды. Бірақ соғыс жағда-йындағы ел халқының ахуалы қайдан онды болсын.

Астан кейін араб жауынгерлерімен шүйіркелесіп сейлесіп кеттік. Олар Мәскеу туралы сұрайды. Неге екенін қайдам, бәрі фотосурет көрсетуді өтінеді. Көрсетсек, қарап, күледі. Орыс қыздарының суреттерін көріп: “Үйленуіме бола ма?” – деп сұрайды. Жігіттер олардың көнілдерін қалдырығысы келмей: “Әрине, болады” – дейді.

– Ағабек-руси саяа-саяа! (әйтеуір, маған осылай естілді) – дейді олар. Бұл арабтар мен орыстар – достар дегені болса керек.

Қойын дәптеріме алғашқы араб сөздері түсे бастады. Жолығыссак, жаңа сөздер жазып алуға тырысамыз.

Тұс өлетінде поезға міндік. Біз мінген жолаушылар вагонының купелері тек отыруға лайықталған. Біздегідей шығып жататын екінші сөре жоқ екен. Төрт адам екі-екіден

бір-біріне қарама-қарсы отыруы керек. Қашаннан бері тұрғанын қайдам, іші қою шаңға бөгіп қалыпты. Әр купеге 6-8 жауынгерден иық тірестіре жайғастық.

Алғашқы купеге бізге жолсерік ретінде екі полицей отырды. Поезд бірден жүріп кете қоймады. Күннің ыстықтығына купедегі адамдардың демалысы қосылып, қансорпамыз шыға терледік. Поезд бір кезде орнынан қозғалды-ау, әйтеуір. Бірақ жүрісіміз мандымады, әскери эшелон әр адым сайын тоқтай берді. Біз тоқтаған тұсқа теміржолды жағалап отыратын қара жолдың үстіндегі көліктер де аялдайды. Арасында өзіміздің “Волгалар” “ГАЗ-69”, “ГАЗ-51” автомобильдеріне қоса, бізге беймәлім сан-алуан шетелдік машиналар да бар. Бір ғажабы: жүк артқандарынан басқаларының бәрі де адамдарға лық толы. Таксилер адамдарды сыйғанынша артқан. Басқыштар мен дөңгелектер үстіндегі қанаттарға да жолаушылар жайғасқан. Көліктің жетіспеушілігінен осылай шығар.

Темір жол желісі қаланың шетінен өтетіндіктен, Александрияны жақыннан көре алмадым. Тек, бір қарағанға үйлері жаппай сұрғылт түсті екен.

Бізге шай қайнатып беретін араб жігітін қосыпты. Арабтар шайды өте қою әрі тым тәтті етіп ішетін сияқты. Тәттілігі мен қоюлығынан тілің таңдайыңа жабысып қалатындей әсер аласың. Әрине, мұндай шайды көп ішу мүмкін емес. Шайды бізге кофе ішетіндей кішкентай ыдыспен ұсынып отырды. Әдемі хош иісі бар.

Ыстықтан терезелердің бәрін ашып тастандық. Әйтседе, Александрия елдің ең терістігіндегі қала болғандықтан, салқын шаһар саналады екен. Жылдық орташа температура 27 градус көрінеді. Сығылсып отырғандықтан ба, соның өзінде жан шыдатар емес.

Жол-жөнекей кей жерлерде егін орылып, енді бір тұста өгізге жегілген соқамен жер жыртылуда.

Судың егістікке өз ырқымен көтерілетін тұстары аз көрінеді. Сондықтан диқандар оны өгізге жегілген шығырмен шығаруда. Кей жерлерде сол шығырдың қолмен айналдырылып жатқанын да көрдік. Тіпті, арықты кешіп тұрып, едәуір аумақты егістікті шелекпен қотарып құйып, суғарып жатқан араб диқанының жанкешті еңбегін көргенде қайран қалмау мүмкін емес.

Бір сүйем бос жер жоқ. Егін мен көкөніс арықтың ернеуіне дейін тақалып егілген. Темір жол бойы аласа, бал-

шықтан түрғызылған үйлер. Көбі терезесіз, оның орнында үнірейген тесіктері ғана бар. Күн ыстық болғандықтан, бәлкім, терезенің қажеті жоқ шығар деп ойладық. Әр-әр жерде қолдан пеш жасалып, оның үстіне қатталып қам кірпіш жиналып, сырты балшықпен сыланып, астына от жағылып, күйдірлуде. Өнімінің сапасы нашар екені бірден байқалады.

Сүрексіз, оты жоқ жерге арқандалған бірең-саран сиырлар мен кой-ешкілер ұшырасады.

Шағын қалашықтардан өтіп отырдық. Араб пен ағылшын тілдерінен макұрым болғандықтан, олардың атауларын оқи алмадым. Еңсөлі үйлері бар бірер көшелері ғана назар аудараптық. Өзгелері ұсқынсыз. Үйлердің көше жақ беттерінің бәрі сауда орындары сияқты.

Поезд тоқтаған кезде арабтар біздің совет адамдары екенімізді танып, қос қолдарын көкке көтеріп, бұлғап, әлдебір сөздерді айттып, мәз болады. Әйтеуір, достық ниеттегі сөздер екенін сеземіз.

Түнде әлдебір шудан оянып дәлізге шықтым. Полицей 8-9 жасар баланы төрт тағандап отырғызып қойып, бір аяғымен желкесінен басып түр екен. Таңырқап түрғанымды байқап, дивизион командирі капитан Егоров: “Орныңа бар!”, – деп зекіп таstadtы. Елдің ішкі істеріне араласпау қажеттігі бізге ескертілген.

Ертеңіне командиріміз түндегі оқиғаның мән-жайынан хабардар етті. Әлгі баланың жазығы – поезда билетсіз мініпті. Келесі станциядағы шешесіне бара жатыр екен. Балаға мейірімдірек болу қажеттігін ескерткен біздің командирімізге полицейлер тәртіп үшін өздерінің жауап беретіндігін аңғартыпты.

Түнде үйектап қалып Каирдың вокзалын көре алмадым. Мысыр пирамidalарын алыштан көруге болады екен. Сол сәтті де өткізіп алып, қапы қалдым.

31 наурыз

Онтустік бағытқа ұзап барамыз. Ол табиғаттың ренінен де сезіле бастады. Күн ыси тұсті. Жол бойы кешегі жасыл көркінен айырылып, көз алдымыз да куан тартып барады. Мұнда тек суармалы егістіктер ғана жайқалып түр. Өзге маңың бәрі сарғыш, сүрғылт дүние.

Кешкүрим жол бойындағы адамдардың жүгерінің өзегі сияқты әлденені шайнап, сығындысын түкіріп бара жатқандарын байқадық. Сөйтсек, ол қант құрағы екен. Полицей бір бумасын сатып алып, үлестірді. Шырыны расында да өте тәтті екен.

Жол бойында капуста, қияр, сәбіз, шалқан сияқты көкөніс артылған шағын арбаларын иығымен сүйреп, артына жалаң аяқ бала-шагасын ертіп, жақын маңдағы қалаға беттеп бара жатқан немесе содан қайтып келе жатқан шаруаларды жиі ұшыратып отырдық. Қарапайым есек арбаның өзі де қат болғаны гой.

Поезымыз Наг-Хаммади деген қалаға келіп тоқтады. Бұл біздің ақырғы станциямыз екен. Араб жауынгерлері қарсы алыш, ыстық ас берді. Түн өте қапырық болды. Сегіз жан тар купеде ит азаппен түнеп шықтық.

1 сәуір

Тұрмедей көріне бастаған вагонда кешке дейін аялдауға тұра келді. Тереземізге қайта-қайта жүдеу өнді балалар жақындейді. Бірдене ұсынсаң таласып, қырқысып кете жаздайды. Ересек арабтардың көңілдеріне келер деп, оларға ештеңе бермеуге үйғардық. Бармақтай балалар “Мистер, темекі берші?” деп қылышып тұрып алады. Темекі тартатын біреулер қызық көріп шылымынан бере бастап еді, командиріміз тыйып тастанап, дұрыс істеді.

Кешкісін Наг-Хаммади қаласының түбіндегі атыс позициясына барып орналастық. Арабтар бізді құрулы шатырмен, ыстық аспен қарсы алды. Жолсоқты болып келген жігіттер бірден жатып, ұйықтап қалды.

Мен күзетке тап болдым. Күндізгі жан шыдатпас ыстықтың қайда кеткенін қайдам, түн ортасы ауа денем қатты тонази бастады. Сөйтсем, мұнда күндіз қашалықты ыстық болса, түннің соншалықты салқын болатын өдеті екен. Араб өскери киімінің сыртынан күздік пальтомды киіп алуға мәжбүр болдым. Сыртымыздан араб жауынгерлері күзетеді екен. Командир сонда да болса өз күзетімізді ұйымдастыруды жөн көріпті. Онысы дұрыс та шығар.

Таң қылаң бере ерігіп тұрган мен көкжиектен Күннің көтерілгенін бақыладым. Күннің қызығылт жарты шенбері бір сәтте бірер секундқа алысырақта өсіп тұрган пальма ағашымен түспа-түс тұра қалды. Неткен ғажап көрініс еді!

9 сәуір

Әскери міндетімізді атқаруға кірісіп кеттік. Бізге өзіміз тілін біletін шағын биіктікегі нысаналарды атып түсіруге арналған зениттік-ракеталық кешенді араб әріптестерге үйрету міндеті жүктелген. Олармен лезде-ақ шүйіркелесіп кеттік. Офицерлер өз әріптестеріне, біз қатардағы жауынгерлерге біletінімізді үйретуіміз керек. Арамызда жалғыз фана аудармашы бар. Ол офицерлерден артылмайды. Сондықтан жауынгерлер өз беттерінше түсінісуге ұмтылады. Ол үшін адамның қолынан келетін барлық айла-амал қолданылады. Ымдасады, қолдарын қымылдатады, бетпішіндерін құбылтады. Екінші рет өздері де қайталай алмайтын неше түрлі дыбыстар шығарады. Сөйтіп жүріп, әйтеуір, қарағайым жәйттерді түсініскең болады.

Арабтар шығысқазақстандық жерлесім Жәкен Әбдікәрімов екеумізден мұсылмансындар ма деп сұрайды. Жәкен әскерге менен бір жыл бұрын, институттан шақырылыпты. Орыс тіліне жетік, командирлердің алдында беделді. Екеуміз де мұсылман екендігімізді айтамыз. Бірақ олар құран білмегенді мұсылман қатарына жатқыза алмай діңкесі қуриды. Бастьарын шайқайды. Біз оған бәлендей қинала қоймайтын сыңай танытамыз. (*Жекені қайдам, құдай өзи кешірсін, кезінде осындаи пікірде болғаным үшін бүгінге дейін іштей қиналамын. Мектептегі тәрбиенің нәтижесінде өзімізді атеисттіз деп сезінгеніміз растиғын. Амал не, бұл да өмірдің бір шындығы*). Байқауымша, арабтардың балаларына дейін құран сүрелерін жатқа біletін сияқты.

Бүгін дивизионға азық-түлік өкелу үшін Наг-Хаммади каласына баратын старшина мені көмекшілікке ерте кетті. Наг-Хаммади біздің түсінігіміздегі ірі ауданның орталығы сияқты қала көрінеді. Өндіріс орындарынан қант зауыты бар екен. Еліміздің көмегімен алюминий заводы салынып жатыр деп естіміз.

Қаланы оңтүстікten батысқа қарай қиғаштай бөліп ұзын көшे жатыр. Жол-жөнекей үш-төрт қабатты үйлер. Төменгі қабаттарына дүкендер орналасқан. Оң қанаттағы бір квартал – базар. “П” әрпі тәрізді тар көшениң кос қапталы толған дүкендер. Көп бұйымдар, біздің сөзімізben айтқанда, қолда. Бұрыш-бұрыштарда есек пен түйеге жегелетін арбалар түр. Адамдарды сыйғанынша мінгізіп, таксилер жүйткіп жүр.

Наубайханаға кіріп нан алдық. Іші ластау көрінді. Жалаң аяқ шал мен балалар нан пісіріп, дамыл таптай жүр. Ыс басқан бөлменің бір бұрышында жаңа піскен орыстың ақ бөлкелері үолі жатыр екен. Біздің жейтін нанымыз – осы.

Одан кейін араб әріптестерімізге шелпек алу үшін бардық. Ол да жайылған қанаардың үстінде үолі жатыр. Пәтірге үқсас шелпекті арабтар ейш дейді. Базарда оны қақ ортасынан бөліп, арасына картоптан, еттен, түрлі кекөністерден қоспа салып сатады. Көне халық наңды дәмсіз пісіруші ме еді, тәтті-ақ, әрине.

Жолда шайхананың жанына аялдадық. Араб офицерлері ұзын түтікшемен әлденені ішіп отыр. Кір-кір ас үстелінің төнірегіне жайғасқан жай адамдар да ас ішуде.

Дүкендердің іші толған шетел товарлары. Қолға ұстап жүретін жапон радиоқабылдағыштары, қытай қолшамдары мен түсті қарындаштар, алтын қаламұшты қаламдар, тағы басқа бұйымдар самсал түр.

Сөрелерге қаз-қатар автокаламдар ілінген. Бір жақ ұшындағы шыны үлкейткіш арқылы ішіне үңілген жан порнографияның неше түрлі жексүрүн үлгілерін көре алады екен. Мұсылман елінде бұл не пәле деп таңырқадым. Арабтарды қайдам, мынау біздің жауынгерлеріміз үшін тосын жаңалық. Бағасы қымбат болғандықтан ба, алып жатқан ешкім жоқ. Бірақ көрудің кезегінде түрғандардың бәрі негізінен түрлі себеппен қалаға жолы түскен совет жауынгерлері екен.

Біз наңга қоса ұсақ-түйектер мен бірнеше килограмм араб алуасын алып, дивизионға қайтып оралдық.

19 сәуір

Таңертенгі дене шынықтыруды жүгіруден бастаймыз. Бүгін араб жауынгерлері де жүгіруге шықты. Командирлеріміздің айтуынша, Египеттің әскери басшылығы әскери жарғыларын енді ретке келтіріп жатқан көрінеді. Біздің елдің жарғыларын басшылыққа алу ойларында бар деп естідік.

Араб жауынгерлері ашық-жарқын жігіттер. Әттең, тіл білмейміз, көп әңгімелесе алмаймыз. Олар жеті сайын үйлеріне барып тұрады. Жерлері біздікіндей ұлан-байтақ емес қой, бірер тәуліктे үйлеріне барып қайтатын

мұмкіндіктегі бар. Оның үстіне, байқауымызша, өзіміз қатарлы жігіттердің көбі балалы-шағалы.

Кеше шатырдан қант құрагы жиналып алынған алқапта қазылған жертөлелерге көштік. Шыжыған құннің астындағы шатырмен салыстырғанда мұнда тұру қолайлы. Бірақ мұнда да үйиқтау қын. Қапырық, әрі неге екені белгісіз, бүрге көп. Ол жамылуға берілген көрпеге ілесіп келді ме, әйтпесе топырақта бар ма, түсінбедік.

Бүгін дивизионға алғаш рет көшпелі монша келді. Кемеден кеткелі тұңғыш рет ыстық сумен жуынып, сергіп қалдық.

25 сәуір

Дивизион командирі кіші сержант Николай екеумізді іргеміздегі ауыл Наг-Хаммадиге, жалғыз үш қабатты еңселі үйге орналасқан мектептің үстіне самолеттердің ұшу бағытын бақылаушы етіп қойды. Міндетіміз – жанжакты дүrbімен шолып, көрінген самолеттердің бағыт-бағдарын телефон арқылы дивизионның басқару орталығына хабарлап отыру. Эрине, карабайыр тірлік. Бірақ ұшатын нысананы қөздейтін жаттығулар кезінде кейде біздің мәліметтеріміздің де пайдасы тиетін кездері бар көрінеді.

Бұған дейін қалай болғанын қайдам, бірақ біздің бригадамыз да, әрине, соған сәйкес дивизионымыз да, араб жеріндегі өз міндеттерін атқаруға асқан жауапкершілікпен әрі сақтықпен кірісті. Әскери кешен алғашында аз тоқтап, көп жұмыс істеп тұрды. Өйткені, жер аумағы шағын болғандықтан, Израиль самолеттері әп-сөтте кез келген нүктеге жетіп келе алатын көрінеді. Олардың қолын байлап отырған осы біздің зениттік ракеталарымыз сияқты. Сондықтан бригада ұдайы бірінші кезектегі өзірлікте. Күн ыстықта көп жұмыс істегендікten, жабдықтар қатты қызып кетеді. Офицерлер басқару кабинасында белуардан шешініп, әйтпесе жеңіл лыпамен жүріп қана жұмыс істейді. Жауынгерлердің шешінулеріне рұқсат етілмейді.

Бізді мектеп оқушылары таңырқап әрі жамырай шулап қарсы алды. Кейбіреулері тәп-тәуір киінген. Кейбіреулері жалаң аяқ, жалаң бас, үсті-бастары лас. Мектеп бөлмелерінің көптен бері жөндеу көрмегені байқалады. Оның үстіне іші де адам айтқысыз лас екен.

Мектеп ғимаратының алдындағы алаңқайдан қызыл, ақ және қара жолағы мен қос жүлдyzшасы бар Біріккен Араб Республикасының мемлекеттік туы ілінген. Сабак аяқталысымен ол жиналып алғынады екен. Кіре берістегі есіктің төбесінде қоңырау, ал қабыргада елдің былтыр қайтыс болған алғашқы президенті Гамаль Абдель Насердің портреті ілулі.

Насерді араб халқының ерекше қастерлейтіні байқалады. Араб жауынгерлерінің қойын дәптерінен міндетті түрде Насердің суретін ұшыратасын. Оның портретін қайсыбір құлағалы тұрған үйлердің қабыргасынан да байқайсын.

Мұнда орта мектеп он екі басқыштық көрінеді. Біз келген мектеп алты басқыштық бастауыш білім үясы екен. Одан әрі білімін жалғастырысы келетіндер Наг-Хаммади қаласына барып оқулары керек.

27 сәуір

Бұгін түстен кейін серігімді алмастыру үшін мектептің төбесіне шығатын сатыға беттеп бара жатыр едім, директор көріп қалып, кабинетіне шақырды. Толықтау келген, орта жастар шамасындағы, қоңырқай өнді, келісті кісі екен. Сәлемдесіп болғаннан кейін диванды нұсқап, отыруға ишарат жасады.

Кабинет өте жұпның. Тозығы жеткен екі диван терезеге қарсы тұсқа бір біріне жалғастырыла, қигаштай орналастырылыпты. Бөлме іші қараңғылау. Директор терезеге арқасын беріп отырды. Оң жақ қабыргада елдің түсті қарындаштармен қолдан жасалған картасы ілініпті. Онда елдің ең ірі қалалары ғана белгіленген сыйайлы.

– Мұсылмансың ба? – деп сұрады салған жерден.

– Иә, – дедім мен.

Қазір қарапайым сөздерді түсіне аламын. Ал күрделі сөздерді не өзім түсіне алмаймын, не айтарымды өзгеге түсіндіре алмай қиналадын. Осы себепті әңгімеміз үйлесе қоймаған соң, серігімді ауыстыру қажеттігін айтЫп, шығып кеттім. Директор да біздің еліміз жайлы білгісі келетіндігін, бірақ сөйлесе алмайтындығымызға өкінішін білдірді.

Мектепте үш мұғалима бар екен. Олар үзіліс кезінде менімен сөйлескілері келеді. “Мұсылман емес” Николайды мазалағылары жоқ. Дұрбімді сұрап алып, төніректі бақылап мәз болады. Есімдері Зәйнәб, Фаузия және Фриәл екен.

Менің орысқа үқсамайтынымды көріп, есімімді білген соң, ұлттымды сұрайды. Қазақ екенімді айтсам, білмейді. Астанамыздың атын атасам, хабарсыз болып шығады. Тек Ташкентті билетіндері байқалады. Алайда мұсылман екенімді білген соң, іш тартып, сұрасам су, кейде өздері шай ұсынып тұрды. Бірақ құдайға сенбейтіндігімді білгенде үрейленіп, бір-бірлеріне қарап, “Олай деме, күнә болады” деп, шыр-пыр күйге түседі.

2 мамыр

Мейрам болғандықтан кешеден бері демалудамыз. Музыка тыңдадық, кітап оқып, бильярд ойнадық. Кеше араб достармен бірге осы мейрамға арналған митингі өткізілді. Олар бізге торт сыйлады. Бүгін араб әріптеремізben футбол ойнадық. Ойын күн ыстықта өткендіктен бе, алғашқы он минутта-ақ қатты алқынып, 2:3 есебімен үтылдық.

7 мамыр

Соңғы күндері ауа райы қатты ысып кетті. Термометр көлеңкеде 40-тан асып тұр. Тез-тез шашыратқыш астына түсіп, салқын сумен жуынамыз. Жарты сағаттай жаңың жай табады, содан кейін қайта ыстықтай бастайсың. Әсіресе арамызыдағы сібірлік жігіттерге обал-ақ. Дегенмен, аурусырқаудан аманбыз. Жігіттердің асқа тәбеті күрт төмендеді.

Өз киноқондырғымыз бар. Күнде кешкісін кино көреміз. Біздің арқа тұсымызыдағы позицияның шетіне ауыл тұрғындары да жиналдып, киномызды алыстан тамашалайды. Әскери техникамыз бар болғандықтан, оларды бері жақындан алмаймыз.

Араб дивизионында теледидар бар. Бірақ бізге көруге рұқсат етілмейді. Қайсыбір жігіттеріміз жасырынып барайп көретінге үқсайды. Онысы сөздерінен байқалып қалаады, бірақ барғандықтарын айтпайды.

10 мамыр

Күн қатты ыстық. Суды тым көп ішеміз. Қолымызға ақша тиген соң, іргеміздегі ауылдан кока-кола сусынын

алып іше бастадық. Бұл ауылда қай жерде дүкен барын білмейміз, бірақ барлық үйлердің есігінің алдында түрлі ұсақ-түйек сатылып жатады. Есік-тесіктің бәрі де дүкен сияқты.

Кока-кола сусыны салқын әрі дәмді. Бірақ қымбат, 0,3 литрлік бір шөлмегі 3 пиастр тұрады.

Офицерлеріміз тек кока-кола ішумен шектелмейтін сияқты... Әрине, табыстары да жақсы. Біздің ұзақ мерзімді қызметтегі старшинамыздың өзі айна 90 египет фунтын алады деп естіміз. Еліміздегі айлығы да жүріп жатады екен (Салыстыру үшін айта кетейік, біз кезекшілік атқарып жүрген мектептің мұғалималары айна 12 фунт алады). Офицерлеріміздің айлығы одан әлдекайда көп көрінеді. Жігіттер катардағы жауынгер – бізге де айна 12 фунт ақша төленеді-міс деген сыйбыс естіпті. Бұл рас болса, Совет Одағының интернационалдық көмегі Египет үшін тым арзанға түспейді екен-ау деп шамаладым. Бірақ тәуелсіздік арзанға тұсуі мүмкін бе деп те ойлайсың.

Кеше Женіс күнінің құрметіне арналған митингі болды. Дивизионымыздан 6 адам Луксор қаласына барып қайтты. Тарихи ескерткіштерді арапапты. Кезекші болғандықтан, сол топқа ілікпей қалғаныма қатты өкіндім.

Біздің мектептегі кезекшілігімізге араб дивизионы өздерінің тарапынан Рамадан деген жігітін қосып берді. Өзі қызық жігіт. Жасы 22-де, бірақ сауатсыз. Мұғалималар атын жазуды бірнеше күн бойы үйретіп еді, нәтиже шықпады.

Өзі тұл жетім екен. Өні ете жүдеу. Үлкен кара көздері мен қою мұрты оны өзінің жасынан егде әрі үрейлі етіп көрсетеді. Мен мұртынды алып тастанасаңшы деп ақыл айтып едім, “муш ләзім” – “болмайды” – деп безек қақты.

Өткенде мынадай құлқілі оқиға болды. Төмендегі мұғалималардың бірі дәптерінен әлдебір өлең алып оқыды. Шамалауымша, онда Рамадан атын білетін бір бастықтың ба, немесе офицердің бе, есімі ұшырасты. Рамадан жағым-паз әрі өсекке бейім жігіт-ау деймін. Өленді әлгі адамға көрсету үшін мұғалимадан тартып алмақ болып еді, парақ жыртылып, жартысы ұстаз қыздың қолында қалып қойды. Мұғалима қанша жалынып сұраса да, Рамадан өзінде қалған бөлікті қайтарып бермей тұрып алды. Бірақ енді әлгі адамның есімі өзінде қалды ма, әлде мұғалимада қалды ма деген сұрақ оның жанын жай таптырмады. Оқып біле қояйын десе, сауаты құрғыр жок.

Кешке дивизионға қайтып бара жатқанымызда ол топырақты шаңдатып ойнап жүрген мектеп жасындағы баланы шап беріп ұстай алды да, өзіндегі парақты оқып беруді талап етті. Ол пақыр қолжазбаны оқи алмады. Рамадан тас-талқан болып ашуланып, өлгі жазықсыз баланы төбесінен ондырмай түйіп-түйіп жіберді.

— Медреседе оқиды, ал жазуды оқи алмайды! Хамар!
— деді күйіп-пісіп.

Хамар – есек дегені еді. Мұны қызық кейіпте айтқана соңша, күлкіден өле жаздадым.

Сөйткен Рамаданның орнына бүгін Хасани деген жігіт келді. Орта білімді, байсалды әрі биязы жігіт екен. Бүгін күн салқын болды. Тұс кезіндің өзінде күннің қызыу 35 градустан аспады.

14 мамыр

Калашников автоматынан оқ атып жаттығуға бардық. Жаттығу қаладан едәуір жердегі жарқабақ маңындағы құмның ішінде өтті. Автоматтарымыз су жана. Қанжарының сыртқы қырында ұсақ егеулі тістері бар. Бұл қолма-қол айқаста қолданылса, жара жазылмауы үшін жасалыпты-мыс. Біріккен Ұлттар Ұйымы мұндай қаруды соғыста қолдануға тыйым салған дейді. Кім білсін, бұл жәй сөз шығар.

Нысананы көздел, автоматтың шүріппесін басқан саяын оқтың зынылдай үшікан дыбысы, артынша оның жаңғырығы естіледі. Күннің ыстықтығынан айналадағы құм мен тастар қатты қызып, оған кенеттен соққан керімсал жел қосылып, айнала әлемтапырық болып кетті.

Атыс аяқталған соң бірқатарымыз қатардағы жауынгер екенімізді ұмытып, командирдің рұқсатынсыз төніректі кезіп кетіппіз. Өйткені, сол манда үнгірлер көп екен. Бәрі де ете ерте замандарда қазылса керек. Кіре беріс үлкен аңғар да, әрі қарай жан-жаққа кіші-гірім үнгірлер тараған. Бірақ әрі қарай адамдар өтпес үшін кіре берістері жарым-жартылай бітеліп тасталыпты. Осы кіре берістегі қабырғаларға адамдардың, жан-жануарлардың суреттері қашап салынған. Ою-өрнектер мен түрлі жазулар жақсы сакталған. Бұған құрғақ климаттың да оң ықпалы болса керек. Әрине, бұлінгендері де бар.

Жігіттер аңғардағы тас үйінділерінің ішінен қыштан әзірленген түрлі қолөнер бұйымдарының сынықтарын та-

уып алып жатты. Тастан өзірленген ірілі-ұсақты зенбірек ядролары да бар. Ашық аспан астында шашылып жатқан мынау тарихи мұрағаттар менің есімді шығарып жіберді. Богданюк тіпті адамның қураған сүйектерін қолына ұстап мәз болып жур. Ол сондай-ақ адамның тастан қашалып жасалған басы мен кеуде мүсінін де тауып алды.

Бір кезде төменге көзіміз түсіп еді, комдив бізге жұдырығын көрсетіп, жер тепкілеп түр екен. Өзіміздің рұқсатсыз қия басуға болмайтын жауынгер екеніміз есімізге түсіп, қолымыздағыларды орнында қалдырып, зәреміз ұшып, төменге қарай зуладық. Сұрастыра келгенде ең алысқа ұзаған да, өзгелерге себепкер болған да мен болып шықтым. Командир бес тәулікке қара жұмысқа жөнелтті. Әділ жазаны ренішсіз қабылдадым.

21 мамыр

Өткенде үш тәуліктен кейін, командир өз шешімін өзгертіп, жазамды екі тәулікке қысқартқан. Күннің ыстық кезіндегі ахуалымды көріп, аяныш сезімі оянды ғой деймін.

Бұғін құдай жоқ дейтін арабты ұшыратуға тұра келді. Таңтертенгі ас кезінде жігіттер жаңа аспазымыз Абдолланы қоршап алыпты.

- Құдай бар ма? – деп сұрайды олар.
- Мафиш! – деп жауап береді Абдолла. Бұл жоқ дегені.
- Сені құдай жазалайды ғой, – дейді жігіттер.

Ол қолын бір-ақ сермейді. Біздің елімізде тоғыз ай оқуда болып, орыс тағамдарын өзірлеуді үйреніпті. Құдайдан безінүі де біздің елімізден тапқан “олжасы” болса керек.

Бұрынғы аспазымыз кездейсок адам еді. Абдолла келген соң тамағымыздың дәмі кіре бастиды. Айтқандай, жауынгерлерге темекі тегін беріледі. Шылым шекпейтіндерге оның орнына 200 грамдық қаңылтыр қалбырдағы жеміс шырыны тиесілі. Өз елімізде тәулігіне 20 грамм сары май жеуші едік, мұнда 40 грамнан беріліп жүр. Бірақ күн ыстық болғандықтан, ол бәрібір желінбейді.

Темекі қымбат-ау деймін. Адамдар біздің елдегідей бір-біріне шылым ұсына бермейтін сияқты. Араб жауынгерлеріне темекі ұсынсаң, өте ризалықпен қабылдайды.

Бірі-біріне ұқсас күндер баяу өтуде.

2 маусым

Құлағыма салқын тиіп, бригаданың санитарлық бөлімінде бір жеті жатып емделіп шықтым. Бүтін дивизионға қайтуым керек. Ніл дариясындағы көпірге жетіп алсам, әрі қарай дивизионға жаяу баруым керек.

Мен мінгескен бригада машинасы жол-жөнекей өз адамдарымызға түскі тамақ апару үшін көпірге жетпей бұрылды. Өзенде бойлап ширек сағаттай жүрдік. Айнала тек күм мен тас. Әр-әр жерде тас тиелген машиналар тұр. Самосвалдардан басқа техника көрінбейді. Күнге әбден қақталғаң, жалаңаш әрі жудеу жандар терең арнадан алынған шағалды себетпен жоғары тасып жеткізіп, машина қорабына төгуде. Мұнда зембілден де осы шағын себет қолайлы болғаны ғой. Сонда кран мен экскаватор да жеткіліксіз болғаны ма деп ойладым.

Күмдү даладағы күннің ыстықтығынан бой тасалайтын орын – шаң басқан шағын шатырлар ғана екен. Енді бір сөтте жел көтеріліп еді, бұл аз дегендей, қою ақ тозаңнан төніректе ештеңе көрінбей кетті.

Біз өз адамдарымыздың түскі астарын қалдырып, кері қайттық. Бұл арада совет адамдарының не істеп жүргенін біле алмадым. Жүргізуши жігіт мені көпірге жеткізіп салып, кері қайтып кетті. Ніл дариясының оңтүстігіне өтіп, дивизионға жаяу тарттым. Мен кеткен бір жетінің ішінде ақ төнірек өзгерген сияқты әсер қалдырды. Диқандар егіндерін орып алдып, өгіздерін жегіп, дән бастыруға кірісіпті. Мақта гүлдепті. Шымкенттегідей белуардан келетін мақталық жок, тырбиған алласа. Гүлдеуі де мазасыз, өнім беріп жарытпас, сірә.

Жігіттер жайрандай қарсы алды. Бәлендей өзгеріс жоқ сияқты.

9 маусым

Нарядтамын. Күн өте ыстық. Тұнде екі сағат қана үйіктай алдық. Бір тәулік жуынбасаң, өзіңсен-өзің жиренетіндей жағдайға жетесің. Арқамыз терлеп, сорымыз әскери жейдеміздің сыртына шығып кетеді. Шұлығымызды күнде жуып, ауыстырып отырамыз. Соның өзінде аяғымыз терлеп, бәтенкенің ішінде тайфанақтап жүреді. Тек кезекшіліктен кейін шашыратқышқа жуынып жан шақырамыз.